КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 қаңтар Іс №7119-23-00-2/15530 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Қ.Б.Сәрсекеев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1."ImportMed" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2. «BMLG.MED» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану мен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

"ImportMed" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"ImportMed" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына тұрақсыздық айыбы 12 481 (он екі мың төрт жүз сексен бір) теңге және мемлекеттік баж соммасы 375 (үш жүз жетпіс бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Сәрсекеев К. Б., 12.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Сәрсекеев К. Б., 23.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

"ImportMed" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

«BMLG.MED» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«BMLG.MED» жеке кәсіпкерінен "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына тұрақсыздық айыбы 778 (жеті жүз жетпіс сегіз) теңге және мемлекеттік баж соммасы 24 (жиырма төрт) теңге өндірілсін.

«BMLG.MED» жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Құжатқа қол қойылған: Сарсекеев К. Б., 12.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Сарсекеев К. Б., 23.02.2024

7119-23-3-1/15697